

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 қарашадағы N 1388 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 733 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 қарашадағы N 1388 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 38, 489-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ізмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Бақтықожа Салахатдинұлы және минералдық ресурстар бірінші
вице-министрі

Рябченко - Қазақстан Республикасының Ақпарат
Олег Григорьевич бірінші вице-министрі

Өзбеков - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ғани Нұрмаханбетұлы вице-министрі

Ашитов - Қазақстан Республикасының Еңбек
Батыржан Зайырқанұлы және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Әбдіқадырова - Қазақстан Республикасының Білім
Айман Нұрқасымқызы және ғылым вице-министрі

Ысқақов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Нұрлан Әбділдаұлы ортаны қорғау вице-министрі

Стамқұлов - Қазақстан Республикасының Әділет
Ұбайдолла Мырзағалиұлы вице-министрі

Досмұқаметов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Қанат Мұхаметкәрімұлы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау жөніндегі агенттігі

төрағасының орынбасары

(келісім бойынша)

Тортаев - Қазақстан Республикасының Статистика
Бауыржан Қадырұлы жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары

Айманбетова - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Гүлбану Зарлыққызы Банкі төрағасының орынбасары
(келісім бойынша);

мынадай:

"Айтжанова - Қазақстан Республикасының Индустрия
Жанар Сейдахметқызы және сауда вице-министрі"

"Белоног - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау бірінші вице-министрі -
Қазақстан Республикасының Бас
мемлекеттік санитарлық дәрігері";

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Айтжанова - Қазақстан Республикасының Индустрия
Жанар Сейдахметқызы және сауда вице-министрі, хатшы"

"Белоног - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау вице-министрі - Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері";

аталған комиссияның құрамынан: Асанов Жақып Қажыманұлы, Марченко
Григорий Александрович, Әшімов Нұрғали Сәдуақасұлы, Рахметов Нұрлан
Құсайынұлы, Жолдасбаев Сансызбай Елеусізұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі